



«Келісемін»

Мектеп-лицей директоры

Б.Дүйсенбаев

«08» 2022 ж

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

А.Д.Алиев А.Д.Алиев

« 19 » «08» 2022ж

**Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің
6 «Б» сынып жетекшісі Токенова Сауле
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие
жұмысының жоспары**

I. Мақсаты

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез-құлықтардың алдын алу.

II. Міндеттері:

1. Отанының тағдыры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын қалыптастыру және дамыту.
2. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие, қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық катынастар мәдениетін арттыру.
4. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту.
5. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашакорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету.

III. Нәтиже

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан-жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асырылуы:

2021-2022 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жоспарды жүзеге асыруға мектептің күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерінен бастап, мұғалімдер мен директордан аяқтап, барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейірімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

2022–2023 оқу жылында тәрбие үрдісінде баса назар аударылатын мәселелер:

1. Кәмелетке толмаған балаларға сол секілді олардың отбасыларына жайсыздық фактілері анықталған кезде жедел тиімді профилактикалық алдын алу жұмыстарын атқару.

2. Мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатынасты үздіксіз дамыту;

3. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында пәндік және спорттық үйірмелер жұмысын жүйелі ұйымдастыру;

4. Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаушы отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу ;

5. Мемлекеттің қамқорлығын қажет етуші отбасыға өмірлік қиыншылықтар туындаған жағдайда қол ұшын беру, заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психологиялық қолдау көрсету;

6. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында семинар-кеңестер, кәсіби байқаулар, педагогикалық оқылымдар ұйымдастыру;

7. Мектеп оқушыларының өмірі мен денсаулығын қорғау, оқушы қызметінің құқықтық жауапкершілігі мен заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру аясында әр күні бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізу;

8. Тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижесін анықтаудың мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;

II. Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Орта білім беру ұйымындағы сабақ және сабақтан тыс жұмыстар тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады, олар келесі құндылықтар жүйесін құрайды:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбиесі;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. Берілген өзгерістер мен және толықтырылуымен);	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
2	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
3	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
4	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u> (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен;)	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
5	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 04.12.2009 ж. №214- IV Заңы	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 02.07.2018 ж. №169-VI Заңы	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде

9	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/ .	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
10	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігінің 2020-2025 жылдарға «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы 12.06.2020 ж. №248	Танысу, конспектілеу	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

1	Тәрбие бағытындағы семинарлар	Семинарға сынып жетекшілер мен қоғамдық ұйым мүшелерін қатыстыру	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
2	Іс-тәжірибелерін тарату жұмыстары	Тәрбие бағытындағы жұмыстарын баспасөз беттерінде жариялау	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде
3	Тәрбие бағытындағы ақпараттық жұмыстары ұйымдастыру	Өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіде жариялау	Токенова С.Ш.	Жыл көлемінде

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

1	«1 қыркүйек-Білім күні» Біріңғай сынып сағаты. «Білімге ұмтылу еңбек сүйгіштік және отаншылдық»	Анықтама	Токенова С.Ш.	01.09.2022ж
2	«Балалар құқығы» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	14.10.2022ж
3	«Рухани жаңғыру – туған жер тұтастығы мен ел болашағы» жобасы аясында 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында конференция сабақ	Анықтама	Токенова С.Ш.	09.12.2022ж
4	«Елбасы жүріп өткен ерен жол» ашық тәрбие сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	23.12.2022ж
5	7 мамыр-Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған «Ер мен елдің	Анықтама	Токенова С.Ш.	28.04.2023ж

жеңісі» тақырыбында танымдық сабақ

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

6	«Қарттарым асыл қазынам» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	30.09.2022ж
7	«Ұстаздар күні» тақырыптық сыныптан тыс іс-шаралар,сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	07.10.2022
8	«Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, фолкклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына-180 жыл» тақырыптық іс-шара, сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	17.02.2023ж
9	«Адамгершілік – рухани байлық» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	07.04.2023ж
10	1-наурыз алғыс айту күні	Анықтам	Токенова С.Ш.	24.02.2023ж

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

11	«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	02.12.2022ж
12	«Қош келдің, Наурыз!» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	17.03.2023ж
13	«Қазақстан Ұлы дала елі» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	21.10.2022ж
14	«Менің құқығым және міндеттерім» сынып сағаты «Бала және вертуальды әлем» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш.	28.10.2022ж

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.			
15	«Біздің тату-тәтті отбасы» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 09.09.2022ж
16	«Мәңгілік ел-менің арманым» сыныптантыс іс-шара	Анықтама	Токенова С.Ш. 11.11.2022ж
17	«Отбасы тәрбиесі-бала болашағының бастауы» «Отбасындағы әке мен ананың ролі» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 18.11.2022ж
18	«Ана - өмірдің шуағы»сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 23.09.2022ж
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.			
19	«Менің ата-анамның мамандығы» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 25.11.2022ж
20	«Қазақстанның экологиялық проблемалары» Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл; сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 16.09.2022ж
21	Компьютердің адам денсаулығына зияндылығы	Анықтама	Токенова С.Ш. 13.01.2023ж
22	Адам және табиғат	Анықтама	Токенова С.Ш. 20.01.2023ж
6. Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.			
23	«Көшбасшылыққа қандай қабілет керек?» пікірлесу	Анықтама	Токенова С.Ш. 14.04.2023ж
24	«Әлеуметтік желі мәдениеті» сынып сағаты «Ғаламтор және бала психологиясы» психолог кеңесі	Анықтама	Токенова С.Ш. 10.02.2023ж
25	15 ақпан- Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні.Ауғаныстан- журектегі жара. сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 27.01.2023ж
26	Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш	Анықтама	Токенова С.Ш. 21.04.2023ж

7. Бағыты: көп мәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие			
Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой аланы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.			
27	Біздің күшіміз - достық пен татулық	Анықтама	Токенова С.Ш. 03.02.2023ж
28	Өз құқығыма құқығым бар	Анықтама	Токенова С.Ш. 10.03.2023ж
29	«Балалар және театр» жобасы аясында «Заманай», «Нашақор жайлы новелла» қойылымдарын көру	Анықтама	Токенова С.Ш. 12.05.2023ж
30	Тіл – халық қазынасы ұлт шежіресі	Анықтама	Токенова С.Ш. 03.03.2023ж
31	«Жаңа жыл мерекесін қарсы алу» (ертеңгіліктер)	Анықтама	Токенова С.Ш. 30.12.2022ж
32	Ынтымағы мен бірлігі жарасқан-Қазақ елі	Анықтама	Токенова С.Ш. 05.05.2023ж
8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты			
Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.			
33	«Денсаулық зор байлық» сынып сағаты	Анықтама	Токенова С.Ш. 19.05.2023ж
34	«7 сәуір-Дүние жүзілік денсаулық сақатау күні» сыныптантыс іс-шаралар	Анықтама	Токенова С.Ш. 07.04.2023ж
35	Денешынықтыру және денсаулық	Анықтама	Токенова С.Ш. 31.03.2023ж
36	Дұрыс тамақтана білеміз бе?	Анықтама	Токенова С.Ш. 26.05.2023ж